

Ана тілің -
арың бұл,
Ұятың боп
тұр бетте.
Өзге тілдің
бәрін біл,
Өз тіліңді
құрметте.

Қадыр Мырза-Әли

ТУҒАН ӘӨЛКЕ

ЖЕЛЕЗИН АУДАНЫДЫҚ ГАЗЕТІ

№ 39 (66)

29

қыркүйек
сенбі, 2012

Газет 2011 жылғы
2 шілдеден шығады

ТІЛ ҚҰДІРЕТІ

«Тіл сөйлеу құралы, адамның хайуаннан ерекшелігі» біз қарапайым тіршілікте тіл туралы осындай пікірмен ғана шектелмейміз. Алайда оның қаншалықты қажет те, құнды екеніне аса мән бере бермейтінімізді мойындауға да қысыламыз. Ендеше тіл деген не? Оның ішінде ана тіл жайында нендей қажетті дүниелерді білеміз немесе нені білуге болады?, - деген сұрақтардың төңірегіне шолу жасап көрелік.

Тіл физиологиялық және анатомиялық тұрғыдан алып қарар болсақ адамның он екі мүшесінің бір бөлігі, сүйексіз бес алты сантиметрден тұратын мүше. Адам баласының өз ойын жеткізуде және қарым-қатынас жасауда таптырмас құрал. Ал, ақындардың көзқарастарымен қарар болсақ, ол - ішкі жандүниенің тулап жатқан тебіреністері мен шабытының айнасы. Әсем табиғатпен титтейде болсын тіршіліктің қайнар көзінің бейнесі.

Иә, мұның бәрі ақындары үшін «жүректегі сырларының тілі», - деп аталады. Қош, ендеше бала тіліне назар салсақ, оның алғашқы былдырлап сөйлей бастаған кездерін кімде болсын қуана, шаттана қабылдайды, дегенімен қай мағынада және қай тілде сөйлегені ата-ана үшін бастысы, негізгісі болып қаралады. Әрине, шаңырақта тәрбиенің мән - мазмұнына жіті көңіл бөлінген шақта ғана осы қағида ұсталынады. Алайда біріміз білсек, біріміз біле бермейтін жайт оның тілі анық па? Ана тілінде сөйлеп жатыр ма? - деп мән бере бермейміз. Өскелең ұрпақ үшін мұның маңызы ерекше, ол отбасынан басталатын тәрбиенің жемісі. Тілсіз ешбір адам баласы өз ойын жеткізе алмас еді, сондықтан бірін біртүрлі ұғынсын деп төңірден берген тарту болар. Тартуын алдық ары қарай бәрі бірдей мағына мен мән беретінін қалай ажыратамыз? жанды сұрақ. Ежелгі біздің эрамызға дейін талқыланып, жүктелген, бізге мәлім түркі тектес тілдеміз, соның ішінде айдар таққан «қазақ тілі», - деген атауы бар. Алғашқы һәріптерін орыс тілі және парсы тілдерінен ажырата да, айыра білетіндей етіп Ыбырай Алтынсарин енгізген. Бұл күндері қазақ тілінде жер бетінде 15 миллионнан астам адам сөйлейді екен. Егер, қазақ тілінің түркі тілдер тобына кіретінін, әлемдегі 30-ға жуық түркі тілдерінде 200 миллионға тарта адамның сөйлейтінін ескерсек, қазақ тілін ұғатын, түсінетін, оны ұлтаралық қатынас құралы ретінде пайдалана алатындар саны тіпті көп. Яғни, тіліміз бай, дана және дара тіл екен.

Ұлт үшін бұл құнды дүние. Өйткені, тілімізді бір ғана ұлт емес, бірнеше ұлттарда ұғына алады деген сөз. «Ұлттың тілі — сол ұлттың жаны, жан-дүниесі. Ол жүректі соқтыртып тұрған қан тамыры сияқты. Егерде қан тамыры жабылып қалса, жүрек те соғуын тоқтатпай ма?», деген екен тіпті Мұхтар Әуезов. Ұлт болған жерде тіл, тіл болған жерде оның мәселесі де болады. Қазақ тілінің мәселесі өткен ғасырдың басынан бері қозғалып келеді. Бір ғасырдан астам уақытқа созылған тіл мәселесін жаңа ғасырдың алғашқы жиырма жылдығында түбегейлі шешуге мемлекет те мүдделі. Себебі іс қолға алынды. 2020 жылға қарай, Мәдениет министрлігі атап көрсеткендей, қазақ тілінде сөйлейтін адам саны 95 пайызға жетеді. Бұл - мемлекетімізде өзге тілдерге басымдық берудің қажеттілігі жоқтығын көрсетеді. Қазақ халқының, әсіресе, тіл мәселесіне қатысты қандай талап-тілек қоюына да құқы бар. Зайырлы мемлекетке төн дүние. Қанша ақын - жырау жырлап кеткен, бүкіл әлем көз тіккен қазақ елінің тілі бекем, ала алмас қамалдай. Шұбарланған тіл шұбалаңдамас, барар жолы алыс емес. Ал, болашағы бар тіл қалыс емес, барар жолы мәңгілік дегім келеді. Ыбырай Алтынсарин «қазақтың тілі соншалықты мол. Ләкин қазақтың тіліменен қандай кітап болса да жазуға болады. Қазақ тілі мұншалықты жатық әм анық болар еді, егер де біздің қазақтар аңғарып, бөтен тіл араластырмастан ілгері бастырып сөйлесе», - десе, Бауыржан Момышұлы «қазақ тілі... өткірлігімен, бой балқытып, тамыр шымырлатып жан жүйеңді жандырып, құлақ құрышын қандырып, ұғымына қонымды, жүрегіңе тиімді... қысыл таяң қатал жағдайда қайрап, егеп «сөз тапқанға қолқа жоқ» дегендейін ерге, елге медет болып адам түгіл жағдайдың көмейіне құм құйып, аузын аштырмай, үнін шығармай қояды тіл...», - деп бір ауыз сөзбен ақ топшылаған.

Қазақ тілі біз үшін ана тіл, дана тіл, дара тіл...

М. Баймаханбетова.